

QOҒА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП АЛДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖОСПАРЫ

Тамыз-Желтоқсан 2025



QARAĞANDY
OBLYSY FUTBOL
ASOSIASIASY

ФЕДЕРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

А. Бұқаралық футбол

ALGA! мектеп жобасы іске қосылды:

- 10 пилоттық мектепте дене шынықтыру сабағының үшінші сағаты футбол форматы бойынша жүзеге асырылуда (қатысушы балалар саны – 1930)
- 61 педагог UEFA D санаты бойынша оқытудан өтті
- Саран қаласында жоба аясында ашылу фестивалі өткізілді.



В. Резерв даярлау

- Қазан айында 8–16 жас аралығындағы балаларға арналған апталық форматтағы BFL жарысы іске қосылды, оған өңір бойынша 159 команда қатысуда
- Өңірдің 7 ірі қаласында инфрақұрылымдық кластерлер салуға 2,5 млрд теңгені қайта инвестициялау жөнінде келісімге қол жеткізілді.

С. «Шахтер» футбол клубы

Инфрақұрылым

- Инфрақұрылымды дамыту мәселелері бойынша облыс және қала әкімдіктерімен кездесулер өткізілді.
- Жекелеген нысандардың орналасу орындары бойынша алдын ала келісімдерге қол жеткізілді.

Әуесқой футбол

- Облыс чемпионының республикалық финалға қатысуы үшін қаржылық қолдау көрсетілді (логистика және тұру шығындары)
- Қарағанды қаласының футбол кубогы өткізілді

Мамандар және төрешілер

Төрешілікті дамыту бағдарламасы іске қосылды (ЖТМ, ойындарды талдау, фитнес-жаттығулар, спорттық жабдықтар сатып алынды, төрешілерді санаттау жөніндегі ережелер әзірленді)

Басқа жобалар

- Балалар үйлері мен арнайы интернаттармен бірлескен жоба іске қосылды
- Ортақ іс-шаралар өткізіліп, «НОДА» командасына спорттық форма табысталды

QOFA ЖОБАЛАРЫ МЕН «ШАХТЁР» ФУТБОЛ КЛУБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

QOFA мен «Шахтёр» футбол клубымен бірлесіп іске асырылып жатқан даму жобалары өңірде біртұтас футбол экожүйесін қалыптастырып, футболмен айналысатын әрі оған қызығушылық танытатын адамдар санын арттырумен қатар, клуб жүйесінде дарынды балаларды даярлауға қолайлы жағдай жасайды.

1. **ALGA!** жобасы – футболмен жүйелі түрде айналысатын балалар қатарының ауқымын кеңейтеді → 2. Футболға қызығушылық танытқан балалар жеке секцияларға қабылданып, **BFL жарыстарына қатысады** → 3. Дарынды балалар **академияға** іріктеледі → 4. Олардың ішіндегі үздіктері **клубтың футболшылары** қатарына қосылады.



Қарағанды
облысының
балалары

ALGA!



Академия



БҰҚАРАЛЫҚ ФУТБОЛ. «ALGA!» МЕКТЕПТІК ЖОБАСЫ

Қыркүйек айында «ALGA!» мектеп футболы жобасы іске қосылды, оған 10 пилоттық мектеп қатысты (Қарағанды, Саран, Теміртау, Абай, Үштөбе)

✓ «ALGA!» мектеп футболы бойынша пилоттық жоба іске қосылды



10 мектеп



61 педагог



1 930 бала

✓ 61 оқытушы UEFA D санаты бойынша оқытудан өтіп, лицензия алды.

✓ Сабақтарды өткізу үшін мектептерге спорттық құрал-жабдықтар жеткізілді (жиынтықта: 40 доп, 60 манишка, қақпа жиынтықтары, конустар)

✓ Цифрландыру: FFM жүйесімен жұмыс істеу бойынша оқыту семинары өткізілді, мұғалімдерге арналған Telegram-бот енгізілді.

✓ Жобаның ағымдағы қорытындылары бойынша есеп әзірленді (қосымша түрде жолданатын болады).



2026

Жобаға қатысу үшін қосымша мектептерді іріктеу (мақсат – 2026 жылы 30 мектеп)


Пилоттық мектептер арасында турнирді іске қосу

Жобаның нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу

Жобаға қосылатын жаңа мектептердің мұғалімдерін оқыту және сертификаттау.

ЖОБА АЯСЫНДА СОҢҒЫ 4 АЙДА ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

Оқыту семинарларынан бөлек, QOFA мамандары оқушылар мен ата-аналарға арналған білім беру кездесулерін, сондай-ақ жоба мен ассоциация амбассадорларының қатысуымен медиа-күндер ұйымдастырды.



UEFA D лицензиясы бойынша
оқыту

Цифрлық платформа бойынша
оқыту

Амбассадорлардың
қатысуымен ашық
сабақтар

Медиа-күн және
Өзін-өзі басқару күні

«ALGA!» МЕКТЕПТІК ЖОБАСЫНЫҢ ФЕСТИВАЛІ

Фестивальға Қарағанды облысындағы мектептердің 3–4 сыныптарында оқитын 400 оқушы, спорт мектептерінің 100 тәрбиеленушісі (турнир аясында), сондай-ақ педагогтар, мемлекеттік органдардың, бизнес өкілдері және қала тұрғындары қатысты.



Фестиваль аясында сондай-ақ келесі іс-шаралар өткізілді:



Жобаға қатысушы мұғалімдерге арналған семинар



Спорт мектептеріне арналған турнир

РЕЗЕРВ ДАЯРЛАУ. ЖАРЫСТАРДЫ ДАМУ

Қолданыстағы балалар мен жасөспірімдер чемпионатының негізінде ресми мәртебесі бар, сапалы инфрақұрылыммен, төрешілікпен және медиа қолдауымен қамтамасыз етілген лига құрылды. Ойындар апталық цикл форматында жасанды газонды алаңдарда футбол ережелеріне сәйкес (5×5, 6×6) өткізіледі.

- ✓ 7–16 жас аралығындағы балаларға арналған Freedom Balalar Futbol Ligasy апталық цикл форматындағы турнирі іске қосылды (6 жас санаты бойынша)



159 команда



2 700 бала



785 ойындар



- ✓ Турнир Қазақстандағы ең ірі әуесқой футбол лигасы KLLF-пен бірлесіп, Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен өткізіледі



- ✓ Матчтарды, статистиканы және нәтижелерді есепке алудың бірыңғай цифрлық жүйесі іске қосылды
- ✓ Ұйымдастыру жұмыстары мен медиа қолдау күшейтілді: фото, бейне, трансляциялар және жарияланымдар
- ✓ Лига ресми біріншілік мәртебесін иеленді, соның нәтижесінде балаларға спорттық разрядтар алу мүмкіндігі берілді

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ. САЛУҒА АРНАЛҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖИНАҚТАЛҒАН КЕСТЕСІ

Қарағанды облысының әкімдігімен бірлесіп, облыстың 7 қаласында футбол инфрақұрылымын дамыту жоспары әзірленді

Елді мекен	Нысан	Құрылыстың басталуы	Құрылыс аумағы	Қаржыландыру көзі
1. Қарағанды	1.1 «Шахтёр» футбол клубының стадионын қайта жаңғырту	2025	айқындалды	Қарағанды облысының әкімдігі + Облыстық қаражаттарды тарту
	1.2 «Шахтёр» ФК академиясы: 3 500 орындық стадион, толық өлшемді манеж	2025	айқындалды	Freedom Holding Corp.
	1.3 Толық өлшемді алаң (105 x 68 м)	2026	«Локомотив» стадионы (Сортировка)	Freedom Holding Corp.
	1.4 Орта форматты манеж, 60 x 40 м алаңымен және киім ауыстыратын бөлмелерімен	2026	«Шахтер» ФК стадионының аумағы	Қарағанды облысының әкімдігі
2. Теміртау	2.1 «Металлург» стадионының жаңартылған нұсқасы (2 000–3 500 орын)	2027	Бұрынғы «Металлург» стадионының орны	Қарағанды облысының әкімдігі + Теміртау қаласының әкімдігі
	2.2 Толық өлшемді алаң (105 x 68 м)	2027	Бұрынғы «Металлург» стадионының орны	Freedom Holding Corp.
	2.3 Орта форматты манеж, 60 x 40 м алаңымен және киім ауыстыратын бөлмелерімен	2027	«Металлург» стадионының аумағы	Қарағанды облысының әкімдігі + Теміртау қаласының әкімдігі
3. Балхаш	3.1 Орта форматты манеж, 60 x 40 м алаңымен және киім ауыстыратын бөлмелерімен	2028	көл жағалауы, спорттық кластер	Бюджеттен тыс қаражаттар, тартылған демеуші («Казахмыс» АҚ)

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ. САЛУҒА АРНАЛҒАН ИНФРАҚҰРЫЛЫМ НЫСАНДАРЫНЫҢ ЖИНАҚТАЛҒАН КЕСТЕСІ

Елді мекен	Нысан	Құрылыстың басталуы	Құрылыс аумағы	Қаржыландыру көзі
4. Саран	4.1 Орта форматты манеж, 60 x 40 м алаңымен және киім ауыстыратын бөлмелерімен	2028	«Сұңқар» стадионының аумағы	Қарағанды облысының әкімдігі
5. Абай	5.1 Қоршауы, жарықтандыруы және модульдік киім ауыстыратын бөлмелері бар толық өлшемді алаң (105 x 68 м)	2028	«Жігер» стадионы алаңының реновациясы	Freedom Holding Corp.
	5.2 Орта форматты манеж, 60 x 40 м алаңымен және киім ауыстыратын бөлмелерімен	2029	«Жігер» стадионының аумағы	Қарағанды облысының әкімдігі
6. Шахтинск	6.1 Қоршауы, жарықтандыруы және модульдік киім ауыстыратын бөлмелері бар толық өлшемді алаң (105 x 68 м)	2029	«Барс» стадионы	Freedom Holding Corp.
7. Шахан	7.1 Қоршауы, жарықтандыруы және модульдік киім ауыстыратын бөлмелері бар толық өлшемді алаң (105 x 68 м)	2029	қалалық стадион	Freedom Holding Corp.
8. Приозерск	8.1 Орта форматты манеж, 60 x 40 м алаңымен және киім ауыстыратын бөлмелерімен	2029	қалалық дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің аумағы	Қарағанды облысының әкімдігі

БҰҚАРАЛЫҚ ӘУЕСҚОЙ ФУТБОЛ

Бұқаралық әуесқой футболға қатысты бастамаларды іске асыру басталды. 2025 жылы футзалдан қысқы чемпионатты өткізу жағдайлары жақсартылып, 11×11 форматындағы облыс чемпионы — «Абай» футбол клубына қаржылық қолдау көрсетілді.



Облыс чемпионының Талдықорған қаласында өткен «Қазақстан футбол лигасының» финалдық кезеңіне қатысуы үшін қаржылық қолдау көрсетілді (жол жүру, тұру және команданың тамақтану шығындары)

Турнир қорытындысы бойынша «Абай» футбол клубының командасы Қазақстан футбол федерациясының Fair Play кубогымен марапатталды



«Тұлпар» спорт кешенінде футзалдан ашық Freedom-біріншілігі басталды:

- Турнирге 29 команда қатысуда, олар 2 дивизионға бөлінген;
- Ойындар тікелей көрсетіліп, ақпараттық қолдау көрсетілді;
- «Тұлпар» СК QOFA-ның фирмалық стиліне сай безендірілді;
- Турнирді өткізу үшін ұйымдастырушыларға доптар мен медициналық құралдар берілді.



11×11 форматындағы облыс чемпионатын реформалау жоспарлануда. Негізгі мақсат — қатысушы командалар санын арттыру (инфрақұрылымды және төрешілікті жақсарту, апталық циклді енгізу)

ТӨРЕШІЛІКТІ ДАМУ ТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚФФ төрешілік және инспекция департаментімен келісу сатысында төрешілікті дамыту бағдарламасы тұр. Бағдарлама аясында төрешілер санын арттыруға және олардың жұмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған бірқатар іс-шаралар жоспарланған.

- ✓ Футбол және фutsal төрешілеріне арналған оқыту семинарлары, сондай-ақ жас футболшылар үшін футбол ережелері бойынша семинарлар өткізілді
- ✓ Өңір төрешілері үшін апталық фитнес-жаттығулар іске қосылды
- ✓ Төрешілерді санаттау жүйесі әзірленді

2026

«Жас төреші мектебін» қайта іске қосу

- Төрешілерге және оқыту курстарын ұйымдастыруға қажетті материалдық-техникалық құралдарды сатып алу;
- ҚФФ-мен бірлесіп өңіраралық ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу, келісу және іске қосу;
- Инспекциялау бағдарламасын дамыту.



Құрал-жабдықтар



ноутбук



проектор



орг.техника



камеры



рации



флаги, карточки



фишки



манишки

Спорттық жабдықтар



smart-сағаттар мен
пульсометрлер



Киім үлгілері



Төрешілікке арналған
ең қажетті минималды
жинақ

МАРКЕТИНГ, КОММЕРЦИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Өңірде ассоциацияның танымалдығын арттыру мақсатында ассоциацияның әлеуметтік желілері қайта іске қосылды. Сондай-ақ QOFA жобаларына өңірлік серіктестерді тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

✓ **QOFA** жаңа сайты іске қосылды. 2026 жылдың көктемінен бастап ол облыстағы барлық жарыстар бойынша бірыңғай платформаға айналады.

✓ Ассоциацияның әлеуметтік желілері нөлден іске қосылып, жалпы жазылушылар саны 5 мыңнан асты.



2,3 тыс.
жазылушы



1,9 тыс.
жазылушы



1,2 тыс.
жазылушы

✓ Өңірлік компаниялармен серіктестік келісімдер жасалды, олардың үлесі BFL бюджетінің 10%-ын құрайды.

BFL бюджетінің 10% демеушілер есебінен қамтамасыз етіледі

Қарағанды облыстық футбол ассоциациясының серіктестіктері:



Әлеуметтік қызмет

«НОДА» парафутбол командасына жүйелі қолдау көрсетілуде (ойындар өткізу, спорттық форма сатып алу, Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысуына қолдау көрсету).



ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Балалар үйлері мен арнайы интернаттардың тәрбиеленушілеріне арналған жыл бойы жүзеге асырылатын әлеуметтік жоба іске қосылды. Жоба аясында футбол және киберфутбол бойынша жаттығулар өткізіліп, «Шахтёр» футбол клубы мен ұлттық құрама матчтарына бару ұйымдастырылады.

✓ 13 желтоқсанда фиджитал футбол фестивалі бірлесіп өткізілді:



Фестивальге қатысушылар:

100

Бала мен ата-ана –
ALGA! жобасының
қатысушылары

Фестиваль бағдарламасы:



Киберфутбол
бойынша турнир



Футболдық
эстафеталар



Шығармашылық
байқаулар



Балаларға
арналған
жүлделер мен
сыйлықтар

64

арнайы интернаттар мен
балалар үйлерінің
тәрбиеленушілері



Қыс:

Киберспорт лигасы
QOFA Family Day
және Жаңа жыл

Көктем:

Киберспорт
лигасының финалы
Футбол іс-
шараларына сапарлар



Жаз:

Ашық аспан
астындағы жаттығулар
«Шахтёр» футбол
клубының матчтарына
бару

Күз:

Футбол бойынша
шағын фестиваль
Амбассадорлардың
қатысуымен өтетін
жаттығулар

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

А. Бұқаралық футбол

ALGA! жобасы бойынша:

- Жобаға қатысу үшін қосымша мектептерді іріктеу (мақсат — 2026 жылы 30 мектеп)
- Жобаны республикалық мемлекеттік органдармен бірлесіп ресми түрде рәсімдеу.
- Жобаның 2-маусымын іске қосу
- Мектепке дейінгі жоба іске қосу
- Студенттерге арналған жобаны іске қосу



В. Резерв даярлау

- БЖФ нысандарының құрылысының басталуы (7–8-слайдтар)
- Балалар командалары арасында жаңартылған жазғы біріншілікті өткізу
- Жаңа инфрақұрылым нысандарында жарыстардың жаңартылған жүйесін іске қосу
- Жеке мектептермен өзара іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыру

С. «Шахтёр» футбол клубы

Инфрақұрылым

- Жаңа нысандардың құрылысына жетекшілік ету.
- Инфрақұрылымдық бастамаларды республикалық деңгейде медиа арқылы кеңінен жариялау.

Әуесқой футбол

11x11 форматындағы футбол және футзал бойынша ересектер арасындағы әуесқой жарыстарды өткізу тәртібін реформалау

Мамандар және төрешілер

- Төрешілікті дамыту бағдарламасын іске асыру
- Спорт мектептерінің жаттықтырушыларын оқыту

Басқа жобалар

- Футболдың цифрлық порталын іске қосу
- Өңірдегі әлеуметтік жобаларды іске асыру